

ЖАРИЯ ШАРТ (ОФЕРТА)

артистің өнер көрсетуін ұйымдастыру қызметтерін көрсету туралы
Қазақстан Республикасы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы жария шарт (бұдан әрі – Шарт) **ИП DADO** жеке кәсіпкерінің (бұдан әрі – Орындаушы) ресми жария ұсынысы (оферта) болып табылады және артистің өнер көрсетуін ұйымдастыру қызметтерін көрсету шарттарын айқындайды.

Осы Шарттың талаптарын қабылдаған кез келген жеке немесе заңды тұлға Тапсырыс беруші болып есептеледі.

Осы Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 387 және 389-баптарына сәйкес жасалады.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Оферта – ашық қолжетімді түрде орналастырылған осы жария шарт.

Акцепт – қызметтерге толық немесе ішінара ақы төлеу, не Тапсырысты растау арқылы Шарт талаптарын толық және сөзсіз қабылдау.

Қызметтер – **DADO** музыкалық жобасының немесе тараптардың жеке келісімі бойынша басқа артистің өнер көрсетуін ұйымдастыру қызметтері.

Іс-шара – концерт, корпоративтік, жеке, мерекелік немесе өзге де ашық не жабық іс-шара.

Тапсырыс – іс-шараның негізгі шарттарын (күні, орны, форматы, құны) жазбаша немесе электрондық түрде, оның ішінде мессенджерлер арқылы келісу.

3. ШАРТТЫҢ МӘНІ

3.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге артистің өнер көрсетуін ұйымдастыру қызметтерін көрсетуге, ал Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерді қабылдауға және олардың ақысын төлеуге міндеттенеді.

3.2. Қызметтер мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- артистің іс-шараға қатысуын ұйымдастыру;
- өнер көрсету шарттарын келісу;
- ұйымдастырушылық және техникалық мәселелерді үйлестіру;
- Тапсырыс берушінің өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау.

3.3. Қызмет көрсету шарттары нақты Тапсырыс арқылы айқындалады.

4. ШАРТТЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

4.1. Осы Шарт қосылу шарты болып табылады.

4.2. Шарттың акцепті болып мыналар танылады:

- қызметтерге толық немесе ішінара ақы төлеу;
- Тапсырысты жазбаша растау;
- Шарт талаптарын қабылдауды білдіретін өзге де әрекеттер.

4.3. Акцепт жасалған сәттен бастап Шарт жасалған болып есептеледі.

5. ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

5.1. Қызметтердің құны жеке тәртіппен айқындалады және қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушімен келісіледі.

5.2. Есеп айырысудың негізгі валютасы - теңге (KZT).

5.3. Негізгі төлем тәсілі - Орындаушының **Kaspi Pay** жүйесі.

5.4. Тапсырыс беруші төлемді:

- дербес немесе үшінші тұлғалар арқылы;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерден;
- шетел валютасында (USD, KGS және басқа валюталарда) жүзеге асыра алады.

5.5. Шетел валютасында төлем жасаған жағдайда:

- қаражат банк немесе төлем жүйесінің бағамы бойынша есептеледі;
- конвертация және комиссия шығындарын Тапсырыс беруші көтереді;
- Орындаушы бағам айырмасына және комиссияларға жауапты болмайды.

5.6. Шетелден төлем жасау қосымша рәсімдеусіз, қаражаттың

Орындаушыға нақты түсуі шартымен жол беріледі.

5.7. Төлем жасалған сәт болып Орындаушыға ақша қаражатының түскен уақыты есептеледі.

6. ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЙТАРЫМ ШАРТТАРЫ

6.1. Төлем шарттары жеке тәртіппен айқындалады және мыналарды қамтуы мүмкін:

- 100% алдын ала төлем;
- кезең-кезеңімен төлем;
- өзге де келісілген нұсқалар.

6.2. Тапсырыс беруші кез келген себеппен қызметтерден бас тартқан жағдайда, төленген сомалар, егер тараптар жазбаша түрде өзгеше келіспесе, қайтарылмайды.

7. ҚЫЗМЕТТЕРДЕН БАС ТARTУ ЖӘНЕ ІС-ШАРАНЫ АУЫСТЫРУ

7.1. Тапсырыс беруші іс-шара өткізілетін күнге дейін Орындаушыны жазбаша түрде хабардар ете отырып, қызметтерден бас тартуға құқылы.

7.2. Қызметтерден бас тарту ретінде мыналар да танылады:

- іс-шараның толық жойылуы;
- Орындаушымен алдын ала келісусіз іс-шара күнін ауыстыру;
- артистің өнер көрсетуі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етпеу;
- келісілген төлем мерзімдерін бұзу.

7.3. Тапсырыс беруші қызметтерден кез келген себеппен бас тартқан жағдайда, төленген сомалар Орындаушының ұйымдастырушылық, уақыттық және беделдік шығындарын өтеу ретінде қайтарылмайды, егер тараптар жазбаша түрде өзгеше келіспесе.

7.4. Іс-шара күнін ауыстыру тек Орындаушымен алдын ала жазбаша келісу арқылы және ұйымдастырушылық әрі техникалық мүмкіндік болған жағдайда ғана мүмкін.

7.5. Іс-шараны ауыстыру Орындаушының міндеті болып табылмайды және әрбір жағдайда жеке қаралады.

7.6. Іс-шараны ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда Шарт тоқтатылған болып есептеледі, ал бұрын төленген сомалар қайтарылмайды.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Орындаушының міндеттері:

- қызметтерді тиісінше көрсету;
- Тапсырыс беруші туралы ақпараттың құпиялылығын сақтау.

Орындаушының құқықтары:

- үшінші тұлғаларды тарту;
- Шарт талаптары бұзылған жағдайда қызмет көрсетуді тоқтата тұру;
- негізді себептер болған кезде Шартты орындаудан бас тарту.

Тапсырыс берушінің міндеттері:

- қызметтерге уақытында ақы төлеу;
- іс-шараны өткізуге қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;
- келісілген талаптар мен регламентті сақтау.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

9.1. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

9.2. Орындаушы мыналар үшін жауапты болмайды:

- үшінші тұлғалардың әрекеттері;
- Орындаушыға тәуелсіз артистің әрекеттері;
- банктер мен төлем жүйелерінің техникалық ақаулары;
- еңсерілмейтін күш мән-жайлары.

9.3. Орындаушының жауапкершілігінің ең жоғарғы мөлшері Тапсырыс берушіден нақты алынған сома көлемімен шектеледі.

10. ФОРС-МАЖОР

10.1. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

10.2. Мұндай жағдайларға табиғи апаттар, аурулар, рейстердің тоқтатылуы, мемлекеттік органдардың шешімдері, әскери әрекеттер және тараптарға тәуелсіз өзге де жағдайлар жатады.

11. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

11.1. Артистің өнер көрсетуіне байланысты барлық материалдар Орындаушының және немесе артистің зияткерлік меншігі болып табылады.

11.2. Фото, бейне және аудиотүсірілімдер мен оларды пайдалану тек

тараптардың келісімімен жүзеге асырылады.

11.3. Орындаушы іс-шара материалдарын жарнамалық және промо-мақсатта пайдалануға құқылы.

12. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР

12.1. Тапсырыс беруші осы Шартты орындау мақсатында дербес деректерін жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім береді.

12.2. Орындаушы іс-шара барысында фото және бейнетүсірілім жүргізуге және алынған материалдарды маркетингтік мақсатта пайдалануға құқылы.

13. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

13.1. Қолданылатын құқық - Қазақстан Республикасының құқығы.

13.2. Барлық даулар сотқа дейінгі тәртіппен реттеледі.

13.3. Істер Орындаушының орналасқан жері бойынша сотта қаралады.

14. ОРЫНДАУШЫНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

Орындаушы:

Жеке кәсіпкер **ИП DADO**

Байланыс және заңды тұлға:

Шерзод Мадумаров

Қазақстан, Алматы қ.

Байланыс телефоны:

+7 702 444 1111



DADO WHATSAPP



DADO TELEGRAM